



Ембі ТЫНЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА
125
1899 - 2024
ЖЫЛ

№6 (123)
МАУСЫМ
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз



«ҮЗДІК МАМАН» ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАДЫ



«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-на қарасты оқу-жаттығу полигонында компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелердегі жұмысшы мамандықтар арасында «Үздік маман-2024» кәсіби шеберлік байқауының II кезеңі өтті.

Дәстүрлі сайыстың бірінші туры бұған дейін өндірістік-құрылымдық бөлімшелер базасында өткен болатын. Бірінші турдың жеңімпаздары өз мамандықтары бойынша біліктілік пен шеберлік сынының II кезеңінде бас қосты.

Байқау биыл 15 мамандық бойынша ұйымдастырылып, 80-ге жуық жұмысшы өз білімдері мен біліктіліктерін теория мен тәжірибелік негізде сынап көрді.

Атап айтсақ, мұнай және газ өндіру операторы, ұңғымаларды зерттеу операторы, тауар операторы, қабат қысымын сақтау операторы, технологиялық қондырғылар операторы, химиялық талдау жасау лаборанты, слесарь-жөндеуші, цементтеу агрегатының машинисі, компрессорлық қондырғы операторы, технологиялық сораптардың машинисі, электргазбен дәнекерлеуші, токарь, көлік жүргізушісі, электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электромонтер бригадалары арасында үздік мамандар анықталады.

(БАСЫ. ЖАЛҒАСЫ 4-5 БЕТТЕРДЕ)



ЖАҢА ЖОБА ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚҚА ТҮСІНДІРІЛДІ



→ 3

ЕҢБЕК ПЕН СПОРТ ЕГІЗ



→ 6-7

ДОНОР БОЛУ – ӨЗГЕГЕ ӨМІР СЫЙЛАУ



→ 8

БОЛАШАҚҚА СЕНІММЕН ҚАРАЙТЫН КОМПАНИЯ

ҚазМұнайГаз еліміздің мұнай-газ индустриясының дамуы мен энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады. ҚМГ – қосылған құн тізбегінің барлық кезеңдерінде толық интеграцияланған, саладағы ұлттық көшбасшы компания.

ҚазМұнайГазға Қазақстанда мұнай және конденсат өндіру нарығының айтарлықтай үлесі тиесілі. Компанияның мұнай және конденсат өндіру сегментіндегі үлесі - 26%, ал газ өндіруде - 17%. Сонымен қатар, ҚМГ Қазақстандағы төрт ірі мұнай өңдеу зауытына иелік етіп, нарықта мұнай өңдеу үлесінің 80%-ын қамтамасыз етеді.

Ұлттық компания жоғары транзиттік және экспорттық әлеуеті бар әртараптандырылған мұнай тасымалдау инфрақұрылымын басқарады. Мұнай тасымалдау сегменті бойынша нарықтағы үлесі 56%-ды құрайды.

(ҚМГ ресми телеграм чатынан)



БАС КОМПАНИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАЗМҰНАЙГАЗ БАСШЫЛЫҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕССИЯ ӨТКІЗДІ



Астанада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ стратегиялық сессиясы өтті. Іс-шарада компания менеджменті мен қызметкерлері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының іске асырылуына сыртқы және ішкі факторлардың әсерін талқылады.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының стратегиялық мақсаттарына қорды ұлғайту, бизнес бағыттардың тиімділігін арттыру, мұнай-газ химиясы бағытын дамыту, көміртегі ізін азайту кіреді. Бұл мақсаттар 2024 жылы да өзекті болып қала бермек.

Басқарматөрағасы А.Хасенов ҚазМұнайГаз өзінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін бизнес-процестерді жетілдіру,

стандарттар мен регламенттерді жеңілдету бойынша жұмыс жүргізетінін атап өтті.

Компания озық технологиялар мен тың жұмыс әдістерін енгізу арқылы қауіпсіздік пен экологиялық тұрақтылық саласындағы көшбасшылыққа ұмтылады. Сонымен қатар, сессияда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да еңбек қауіпсіздігінің мәдениеті, компанияның өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатын

қалыптастырудың негізгі тәсілдері талқыланды. Компания үшін еңбек қауіпсіздігінің мәдениеті және өлім-жітімге мүлдем төзбеушілік қағидаты – бұл тек кәсіби этика ғана емес, сондай-ақ, «ҚазМұнайГаздағы» ең жоғары құндылық болып саналатын адамдардың амандығы мәселесі.

www.kmg.kz

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

KAZENERGY-да Эколог күні қарсаңында қоршаған ортаны қорғау саласындағы сарапшыларды марапаттады. Салтанатты марапаттау рәсіміне KAZENERGY басшылығы мен «Атамекен» ҰКП өкілдері қатысты. Шара барысында KAZENERGY қауымдастығына мүше компаниялардың бір топ қызметкері медальдар мен түрлі марапаттарға ие болды.

Қазақстан Республикасының энергетика кешенін дамытудағы еңбек және кәсіби қызметтері үшін KAZENERGY медалімен «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов және еліміздегі энергетика кешенін дамытудағы еңбек және кәсіби қызметтері үшін «Атамекен» ҰКП Алғыс хатымен ЕМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау



департаментінің бастығы Сәлима Абитова марапатталды.

Қауымдастықтың Бас директоры Әлібек Қуантыров қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға бағытталған бизнес-процестерді жаңғыртуда өндірістік кәсіпорындар мамандарының негізгі рөлін атап өтіп, сарапшыларға Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын жетілдіруге қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

Біз де әріптестерімізді лайықты марапаттарымен құттықтаймыз!

МЕРЕЙДІ ӨСІРГЕН МАРАПАТ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

ҚР Энергетика министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК арасында жасалған №1 және №2 учаскелерге қатысты келісімшарттардың аясында Қызылқоға ауданының жұртшылығымен қоғамдық тыңдау өтті. Қоғамдық тыңдауда «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директоры Сәбит Арынов бастаған жұмыс тобының мүшелері Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелеріндегі геологиялық барлау жұмыстары бойынша толық ақпарат берді.

ЖАҢА ЖОБА ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚҚА ТҮСІНДІРІЛДІ



Қоғамдық тыңдаулар Қызылқоға ауданындағы Тайсойған, Миялы, Мұқыр ауылдарында өтті. Ембіліктердің бастауымен болған шараға Қызылқоға ауданының басшылығы, жоғарыда аталған ауыл тұрғындары мен аудандық, облыстық маслихаттың депутаттары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен экobelсенділер қатысты.

Қызылқоғалықтар алдында сөз

үшін көмірсутек қорын толықтыру жөнінде өткір мәселені қойып отыр. Бұл орайда, Компания үшін жаңа мұнай кен орындарын іздестіруде геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру аса маңызды.

- Соңғы жылдары жүзеге асқан геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде Уаз, Шығыс Уаз, С.Нұржанов және Солтүстік Уаз, Батыс Қарасор кен орындары

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов.

С.Арынов, сонымен қатар, аталмыш жоба өзінің тиімді нәтижесін көрсетіп, барлау жұмыстарының нәтижесінде мұнай қоры табыла қалған жағдайда, яғни, бұл өңірден жаңа мұнай-газ кен орындары ашылғанда Атырау облысы мен Қызылқоға ауданы экономикасының дамуына да оң әсер ететінін, жергілікті халықты жұмыспен қамтуға

рын берді.

Тайсойған құмында бұрғылау жұмыстары жүргізілмейтін болды. Нақтыласак, барлау жұмыстары Тайсойған құмынан алшақтап, жерасты суынан жырақта жүргізіледі. Бастапқыда айтылған 10 барлау ұңғымасының саны екеуге қысқартылды. Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелерінде барлау жұмыстарының жобаларына сай тереңдігі 50 метрді құрайтын 8 гидрогеологиялық барлау

сол аймаққа кіретін шаруа қожалықтарының иелерімен келісіледі. Көліктердің жүретін маршруты әрдайым бақылауда болады. Барлық көлікке GPS орнатылады. Көліктің орналасқан жері әрдайым бақылауда, берілген геокоршауларда ғана жүреді. Көліктің жылдамдық көрсеткіштері бақыланады. Көліктің қозғалыс уақыты мен жұмысы әрдайым бақылау арқылы тексеріледі. Бұл бақылау жұмыстарына жергілікті



алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов компанияның өндірістік көрсеткіштеріне қысқаша тоқталып, жұртшылықты отандық мұнай өндіруші компанияның кен алаңдарындағы қолға алынып жатқан шаралармен таныстырды. Жаксы істерді баяндаумен қатар, отандық мұнай өндіруші компания алдында тұрған өзекті мәселелермен де таныстыра кетті. Ембі кен алаңдарының көпшілігі өнім өндірудің соңғы сатысында тұруы Компания алдында өндірістің қазіргі деңгейін сақтау

ашылып, пайдалануға берілді. Оларды барлау мен игеру тәжірибесіне сүйенсек, дұрыс көзқараспен және заманауи технологиялармен, экологиялық талаптарды сақтай отырып, мұнай өндіруді жүзеге асыруға болатынына анық көз жеткізіп отырмыз. Айта кету керек, бұл шешімдер Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен басқа да тиісті заң құжаттарының нормаларын сақтай отырып, қатаң қоғамдық бақылаумен жүзеге асырылады, - деп атап өтті өз сөзінде

мүмкіндік болатынына да тоқталды.

Геология және барлау департаментінің директоры Ернұр Тасеменов өзінің жасаған баяндамасында жоғарыда аталған келесімшарттардың аясында компания тарапынан қолға алынатын жұмыстарға жан-жақты тоқталды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Атырау облысы Қызылқоға ауданында орналасқан Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелерінде көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар бойынша алғашқы қоғамдық тыңдау 2023 жылдың қараша айында өткен болатын. Сол алғашқы кездесуде қызылқоғалықтар аталмыш жобаға қатысты кейбір мәселелерге орай өздерінің ой-пікірлерін, ұсыныстарын айтқан еді. Осыған сәйкес, ембіліктер жобаны қайта қарап, жұртшылықтың пікірлерімен толықтырды.

Қоғамдық тыңдауда жұртты алаңдатқан екі мәселе ерекше айтылды. Барлау жұмыстары кезінде ауыр салмақты көліктер жүріп, жеріміз тозып кетпей ме, жерасты суымызға зиян келуі мүмкін деген сауалдарына мамандар тұшымды жауапта-

ұңғымасын қазу жоспарлануда. Қызылқоғалықтарды алаңдатқан екінші мәселе – көліктердің қозғалысынан жеріміз тозып, шөп шықпай, шабындықтан айырылып қалмаймыз ба деген жанайқайларына толыққанды жауап берілді.

Нақтылайтын болсақ, көліктердің жүретін маршруты аудандық, селолықәкімдіктермен,

атқарушы билік өкілдерімен қатар, ауданның белсенді тұрғындары да араласа алады.

Қоғамдық тыңдауда «Атырау-гидрогеология» ЖШС Бас директоры Нұргүл Сабурова сөз алып, дәл осы жобаға қатысты арнайы гидрогеологиялық зерттеулер жүргізілгенін, жер асты суының сапасына зиян келмейтінін нақты дәлелдермен түсіндірді.





(Жалғасы. Басы – 1 бетте)

Сайыстың жабылу салтанатында ЕМГ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, конкурстың ұйымдастыру комитетінің және комиссияның төрағасы Ғибатолла Шанаев жыл сайын сайысқа қатысушы жас мамандардың қатары көбейіп келе жатқаны қуантатынын жеткізді.

- Өндіріске жас мамандар келіп, олардың арасынан үздік мамандардың шығуы – компанияның қол жеткізген үлкен жетістігі деп санаймын. Мұнайшылар теория мен практикалық біліктіліктерін көрсетті. «Үздік маман» сайысының басты шарты – осы екі тапсырманы да қатар меңгерген үздіктерді анықтау, олардың тәжірибесін өзгелерге тарату. Компания бұл үшін жұмысшыларға айтарлықтай қолдау көрсетіп келеді, - деп атап өтті Ғибатолла Шанаев.

Сайыс қорытындысымен кәсіби шеберлігі үшін жүлдегер жұмысшыларға еңбекақысына бір жылға дейін пайыздық үстемеақы – I орынға – 30%, II орынға – 20%, III орынға – 10%, ақшалай сертификаттар және имидждік сыйлықтар табыс етілді.

«МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ОПЕРАТОРЫ»

МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз МГӨБ-ның жұмыскері Аманкелді Ерсайынов;

II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Есенжол Ғұбашев;

III орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Әскер Еркетанов;

Ынталандыру сыйлығы – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Олжас Теміров;



«ҮЗДІК МАМАН»

«ҰҢҒЫМАЛААРДЫ ЖЕРАСТЫ ЖӨНДЕУ ОПЕРАТОРЛАР БРИГАДАСЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік мамандар» – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскерлері Арман Қасанов, Болат Тәттібаев, Абат Имашев;

II орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскерлері Жанабай Мұхтаров, Алтынбек Табынбаев, Саян Мұқашев;

III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскерлері Бауыржан Саюпов, Нұрлан Жакибаев, Жасұлан Кыдыралын;

Ынталандыру сыйлығы – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскерлері Аманқос Арыстанбаев, Жазылбек Құлбаев, Рүстем Аманғалиев.

«ҰҢҒЫМАЛААРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕП ОПЕРАТОРЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Максим Толмачев;

II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Мұхтар Капан;

III орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Әлихан Нақпаев;

Ынталандыру сыйлығы – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Райымбек Сағызбаев;

МҰНАЙ ДАЙЫНДАУ ОПЕРАТОРЫ (ТАУАРЛЫ)

МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ғани Ерғали;

II орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Сәндібек Әділов;

III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Нұрлан Сапаров;

Ынталандыру сыйлығы – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Наурыз Аманқос;

«ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ ЛАБОРАНТЫ»

МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Әсия Ахметова;

II орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Кенжегүл Жаманғариева;

III орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Құралай Шорина;

Ынталандыру сыйлығы – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Сара Қаражігітова;

«СЛЕСАРЬ-ЖӨНДЕУШІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Шыңғысхан Маратов;

II орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Бауыржан Жауынбаев;

III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ерболат Оспанов;

Ынталандыру сыйлығы – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Әли Бексейітов;

«ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАР ОПЕРАТОРЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Бердібек Әділов;

II орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Азамат Бисенов;

III орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Азамат Жұмашев;

Ынталандыру сыйлығы – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Жанболат Жұбанов;

«ЖЕР ҚАБАТЫ ҚЫСЫМЫН САҚТАУ ОПЕРАТОРЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Руслан Абдрахманов;

II орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ерлан Өткелбаев;

III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ринат Алиев;

Ынталандыру сыйлығы – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Айболат Еркетанов;


«ЭЛЕКТРГАЗБЕН ДӨНЕКЕРЛЕУШІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Серік Халелов;

II орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ержан Ұламбаев;

III орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасының жұмыскері Жұмабай Сейтімов;

Ынталандыру сыйлығы – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Роман Сатқанов және «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Сергей Гайнуллин;



ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАДЫ

«ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТАРЫН ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЭЛЕКТРОМОНТЕРІ (БРИГАДА)» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік мамандар» – «Прорва» аудандық электр торабының жұмыскерлері Азат Шынтөреев және Тілекбай Рашиден;

II орын – «Жайық» аудандық электр торабының жұмыскерлері Серік Нұғманов және Алексей Котов;

III орын – «Қайнар» аудандық электр торабының жұмыскерлері Мейрамбек Нұрланов және Талгат Абитов;

Ынталандыру сыйлығы – «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Құласары», «Мақат», «Доссор» аудандық электр тораптарының жұмыскерлері Жантас Адамбаев, Темірлан Нұрмұханов, Русалим Тлегенов, Болат Боранбаев, Қуанышбек Төралиев, Сәкен Утешпаев.

«КОМПРЕССОРЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫ МАШИНИСІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Абай Сатымов;

II орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ғаділжан Құтқожин;

III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Нұрбол Атшыбаев;

«ТЕМІР ЖОНУШЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Нұрсейіт Қоңырбаев;

II орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Марат Кордашев;

III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Аманжан Жолжанов;

Ынталандыру сыйлығы – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Аралбай Елешов;

«ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СОРАПТАРДЫҢ МАШИНИСІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Қарымсақов Асқар;

II орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Данияр Омарғазиев;

III орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Айдос Бисенғалиев;

Ынталандыру сыйлығы – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Жанәділ Жәрдемов;

«КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІСІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Нуриахмет Ермеков;

II орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Әлібек Жармағанбетов;

III орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Нұржан Ахметов;

Ынталандыру сыйлығы – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Арман Мұсағалиев және «Ембімұнайэнерго» басқармасының жұмыскері Жалғас Суюналиев;

ЦЕМЕНТТЕУ АГРЕГАТЫНЫҢ МАШИНИСІ (МОТОРИСІ) МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Асқар Беркалиев;

II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Нұрлыбек Жұмағалиев;

III орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ерболат Исламов;

Ынталандыру сыйлығы – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Айболат Рахманов;

ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ ЕСЕП:

I орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;

II орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ;

III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;





ЕҢБЕК ПЕН



Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ еңбек ұжымдары арасында дәстүрлі спартакиада өтті. Биыл спартакиадада 500-ге жуық ембілік мұнайшы-спортшы спорттың 13 түрінен 4 күн бойы бақ сынасты. Олардың қатарында Компанияға қарасты барлық алты басқарма мен Басқару аппаратының қызметкерлері болды.

«Атырау» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде спартакиаданың ашылу салтанаты өтіп, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов қатысушыларға сәттілік тіледі. - «Ембімұнайгаз» компаниясы жұмыскерлерінің табысты еңбек етіп, жұмыстан бос уақытта спортпен айналысып, саламатты өмір салтын ұстануына қолдау көрсетіп келеді. Мұнайшылар спортпен айналысып қана қоймай, оны үлкен ынтымақ-бірліктің шарасы – спартакиада ауқымына көтеріп отыр. Бұл спартакиада «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына қарасты еншілес мекемелер арасында өтетін жарысқа іріктеу турнирі болып табылады, - деп атап өтті Компания басшысы Сәбит Арынов.

Спорт жарыстары Атырау қаласындағы 8 спорттық нысанда өтті.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ (ӘЙЕЛДЕР)

- I орын - Тамара Сабирова («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
II орын - Светлана Орынтаева («Доссормұнайгаз» МГӨБ)
III орын - Гүлжайна Ғұмарғалиева («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ (ЕРЛЕР)

- I орын - Қуаныш Айтуғанов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)
II орын - Жасулан Кахим («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)
III орын - Амангелді Байзақов («ӨТҚЖЖК»)

ШАХМАТ (ӘЙЕЛДЕР)

- I орын - Құралай Сағинаева (Басқару аппараты)
II орын - Ақмарал Усалиева («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
III орын - Орынғұл Жанайсова («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

ШАХМАТ (ЕРЛЕР)

- I орын - Асылбек Ғаллам («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
II орын - Ерлан Жұмағалиев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)
III орын - Білімпаз Қабдолов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ (ӘЙЕЛДЕР)

- I орын - Айнұр Мендібай («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
II орын - Гүлзира Алдашбаева («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)
III орын - Жанат Арыстанова («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ (ЕРЛЕР)

- I орын - Ғабиден Шанқанов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)
II орын - Сырым Мұратов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
III орын - Ақылбек Естеков («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

ВОЛЕЙБОЛ (ӘЙЕЛДЕР)

- I орын - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ
II орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ
III орын - Басқару аппараты

ВОЛЕЙБОЛ (ЕРЛЕР)

- I орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ
II орын - «Қайнармұнайгаз» МГӨБ
III орын - «Доссормұнайгаз» МГӨБ

БАСКЕТБОЛ

- I орын - «Ембімұнайэнерго» басқармасы
II орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ
III орын - «ӨТҚЖЖК» басқармасы

КИБЕРСПОРТ

- I орын - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ
II орын - Басқару аппараты
III орын - «Доссормұнайгаз» МГӨБ

АСЫҚ АТУ

- I орын - Серік Әбілғазиев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)
II орын - Ерлан Жұмағалиев («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)
III орын - Дастан Әділбекұлы («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

БЕС АСЫҚ

- I орын - Гауһар Мекебаева (Басқару аппараты)
II орын - Светлана Орынтаева («Доссормұнайгаз» МГӨБ)
III орын - Марта Қарғабаева («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

ЖҮЗУ (ӘЙЕЛДЕР, 50 М)

- I орын - Динара Мұхамбетқалиева (Басқару аппараты)
II орын - Лаура Максудова («ӨТҚЖЖК» басқармасы)
III орын - Рысқұл Мұхамбетқалиева («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)





СПОРТ ЕГІЗ

ЖҮЗУ (ЕРЛЕР, 100 М)

- I орын** – Ақылбай Елемесұлы («Ембімұнайэнерго» басқармасы)
II орын – Әли Бексейітов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)
III орын – Қанжарбек Жолымбетов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА (ЭСТАФЕТА)

- I орын** – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ
II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ
III орын – Басқару аппараты

АРМРЕСТЛИНГ (ӘЙЕЛДЕР, 60 КГ ДЕЙІН)

- I орын** – Айымгүл Жұмағұлова (Басқару аппараты)
II орын – Маншүк Төлепова («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)
III орын – Жібек Бохаева («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

АРМРЕСТЛИНГ (ӘЙЕЛДЕР, +60 КГ)

- I орын** – Гүлзада Габдуллина (Басқару аппараты)
II орын – Анар Әжіғалиева («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)
III орын – Ләззат Сағызбаева («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

АРМРЕСТЛИНГ (ЕРЛЕР, 80 КГ ДЕЙІН)

- I орын** – Берік Калешов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
II орын – Әділбек Табылдіев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)
III орын – Әлібек Әділханов («Ембімұнайэнерго» басқармасы)

АРМРЕСТЛИНГ (ЕРЛЕР, +80 КГ)

- I орын** – Сырымбек Сәрсенбай («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)
II орын – Аманбай Шабай («Ембімұнайэнерго» басқармасы)
III орын – Тұңғышбек Қаділжан («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

АРҚАН ТАРТУ

- I орын** – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ
II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ
III орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ

ФУТЗАЛ

- I орын** – «Доссормұнайгаз» МГӨБ
II орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасы
III орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ



ПОДКАСТ

«ОЙЫ ЕРКІН
ЕМБІЛІК»

«Ембімұнайгаз» АҚ Қоғаммен байланыс тобының бастамасымен жаңа медиа-жоба іске қосылды. Нақтыласақ, ПОДКАСТ форматындағы ашық пікір алаңын көпшіліктің назарына ұсына отырып, компанияда еңбек етіп жатқан қызметкерлердің өмірдің әр қыры мен сынына дайын болу, табысқа қол жеткізу жолдарына қатысты ойларымен бөлісуге мүмкіндік орнатуды көздедік.

Жаңа медиа-жоба өзінің көрермендері мен оқырмандарына «Ойы еркін ембілік» атауымен жол тартты. Оның алғашқы кейіпкері – «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы өндірістік-техникалық қызметінің инженері, жас маман Нұрқайрат Бойжанов.

Нұрқайрат – жас болса да, өзінің мамандығы тұрасында айтары бар талантты маман. Ол – еліміздегі ең беделді жоғары оқу орындарының бірі, 2010 жылы «Ең үздік техникалық университет» атанған Қазақстан-Британ техникалық университетінің түлегі.

Н.Бойжанов жаңа медиа-жобада өзінің бала кезден арманы – мұнайшы мамандығын меңгеруі, осы жолдағы ізденістері, Ембі өндірісінің ерекшеліктері мен байырғы кеніштермен жұмыс істеу сияқты сала жұмысына қатысты сауалдармен қатар, адам бойындағы жақсы қасиеттер, әріптестермен ізгі қарым-қатынас орнату, мердігер мекемелермен іскерлік байланысты қалыптастыру, тағысын тағы мәселелерге өзіндік ой-пікірін білдірді.

Сонымен, «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша алғаш қолға алынған «ПОДКАСТ» форматындағы жаңа медиа-жоба әлеуметтік желі арқылы таныстырылып, бүгінде 8 мыңдай адам көріп, жылы пікірлерін білдіріп, қолдау көрсетіп жатыр. Сәтті шыққан жобамызды Компанияға қарасты өзге басқармаларда жалғастырамыз.

Табысты өмір сүру бағытында айтар ойы бар әріптестерімізді біз подкасттың кейіпкері болуға шақырамыз!

МЕЙІРІМДІЛІК

ДОНОР БОЛУ –
ӨЗГЕГЕ ӨМІР СЫЙЛАУ

Жыл сайын 14 маусымда бүкіл әлемде Дүниежүзілік қан доноры күні атап өтіледі.

Бұл дата адамның қан топтарын ашқаны үшін 1930 жылы физиология немесе медицина бойынша Нобель сыйлығының лауреаты атанған австриялық дәрігер және иммунолог Карл Ландштайнердің (1868-1943) туған күніне арналған.

Денсаулық сақтау министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, Дүниежүзілік донорлар күні алғаш рет 2005 жылы аталып өткен.

Қан донорлары қоғамда маңызды рөл атқарады. Олар қан құюды қажет ететіндердің денсаулығы мен әл-ауқатына үлес қосады. Бұл көптеген адамның өмірін сақтап қалуға көмектеседі

және қиындықтар мен ауруға тап болғандарға үміт береді.

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері ерікті донорлық іс-шараларға тұрақты негізде қатысып келеді. Олардың қатарында әріптестеріміз Е.Маврешко, С.Шығанов, А.Егізбаев, А.Кушенов, Г.Габдуллина, А.Тәжіғалиева, А.Ғинаят, Н.Науашев, Е.Бекенов, Д.Абсалям, Е.Қыздарбаев, А.Балабаев, Д.Қазиев, Л.Крушпекова, Ж.Екібаев, Г.Майлыбаева, Р.Сабиров, А.Ержанғалиев, А.Керемкулов, Н.Айтимов, З.Әбішев, С.Қосшанов, Н.Әділов және т.б. бар.

Сала мамандарының айтуынша, 1 адамның қаны 3 науқастың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Және қан тапсырар алдында ағзаны ерекше дайындау керек.

- Қан тапсыруға ерекше дайындықпен барамын. 3 тәулік бойы ешқандай да дәрі-дәрмек ішпеуге, әсіресе, құрамында аспирин немесе басқа да анальгетикалық препараттар бар дәрі ішуге болмайды. Сондай-ақ, кем дегенде 1 тәулік бойы майлы тағам жемеу керек. Алкоголь ішу, темекі тартуға мүлдем жол берілмейді. Қан тапсырар алдында таңғы асты да көп мөлшерде жемеуге тырысамын. Ұйқы қанық, көңіл сергек болу керек. Өйткені, мұның барлығы қан құрамына әсер етеді, - дейді мұнай және газ өндіру жөніндегі аға инженер Нұрбол Айтимов.

Бірнеше жылдан бері донор болып жүргендердің айтуынша қан тапсырудың денсаулыққа зияны жоқ. Керісінше, көңілге қуаныш сыйлайды. Себебі, сіздің қаныңыз өзгенің өмірін аман алып қалуға себеп болады.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ
Facebook - Ембілік Мұнайшы
Instagram - @embamunaigas.kz
You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ

«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшының м.а.;

К.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.